



010000, Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел. 55 66 31, 55-66-35, факс. 55-72-94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11  
тел. 55-66-31, 55-66-35, факс. 55-72-94

№  
15.02.2018 № 1 ге

**Тұрақты комиссияның  
2018 жылғы 15 ақпандағы  
қаулысы**

**Астана қаласында инфрақұрылым,  
абаттандыру, көгалдандыру  
жүйелерінің жай-күйі және оларды  
дамыту жөніндегі шаралар туралы**

«Астана қаласында инфрақұрылым, абаттандыру, көгалдандыру жүйелерінің жай-күйі және оларды дамыту жөніндегі шаралар туралы» ақпаратты тыңдап, талқылай отыра, қалалық мәслихаттың құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы атқарушы органдар энергетика, жол – көлік және коммуналдық инфрақұрылым объектілерін дамыту, қаланың бірыңғай құрылымын құру бойынша іс-шаралар кешенін жүзеге асырып жатқандығын анықтады.

Астана қаласының энергетика объектілерін дамыту және жандандыру мақсатында мемлекеттік бюджеттен 2017 жылы 49,4 млрд. теңге, оның ішінде жылумен жабдықтау жүйесіне – 34,8 млрд. теңге, электрмен жабдықтау жүйесіне 14,6 млрд. теңге бөлінді.

2017 жылы ЖЭО-1 және ЖЭО-2 қайта жаңарту бойынша іс-шаралар қатары орындалды. Жаңа магистральді жылу желілерін салу және ескілерін қайта жаңарту бойынша жұмыстар жүргізілді. 2 жылу павильондарын салу және 4 км магистральды жылу желілерін қайта жаңарту жүргізілді. Ә.Молдағұлова, А. Байтұрсынов, № 38 және Керей, Жәнібек хандар көшелері бойында 4,4 км магистральді жылу желілері салынды. Қаланың оң жағалауын сенімді жылумен жабдықтау қамтамасыз етілді және А. Байтұрсынов, № 38 және Керей, Жәнібек хандар көшелері бойында жаңа тұтынушылар қосылды. Орталықтандырылған жылумен қамтуға ҚазМЗУ, Ғылыми – өндірістік трансфузиология орталығы (Қан орталығы) ауыстырылды.

«Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шегінде ұзындығы 12 км 5 енгізілімдегі жылу магистралі салынып, пайдалануға берілді, бұл сол жағалаудың жаңа тұтынушыларын орталықтандырылған жылумен қамтамасыз етуге мүмкіндік тудырды. 2017 жылы Жаңа теміржол вокзалын, НС-15, 16, «Кәсіпқор» колледжін, «Достық» кентін, Ұлттық ғылыми онкологиялық орталықты, «Назарбаев Университет» ААҚ, КПТ, «КазИндастриал групп»

ЖШС, «Барс-2030» ЖШС электрмен қамтамасыз ету үшін «Бәйтерек» кіші станциясы толығымен іске қосылды.

«Тұран» ШС және «Жаңа жол» ШС бойынша құрылыс толық аяқталып, пайдалануға беру актісіне қол қойылды. «Самал» ШС құрылысы жүргізілуде, ол объектілерді шамамен қажет етілетін күштілігі 17 МВт электрмен жабдықтауды қамтамасыз етеді. 2017 жылы «Әуежай. 2 кезек» ШС жобасы шегінде «Әуежай-Олимп» КЛ құрылысы, «Әуежай» ШС-да ОӨБ бұзу аяқталды. 60 дана көлемінде РП, ТП қайта жаңарту бойынша жоба аяқталды.

«Астана қаласында Жаңа коммуналдық базарды электрмен қамтамасыз ету» жобасы шегінде «Керамика» ШС қайта жаңарту және КЛ-10 кВ, РПК-2Т салу қарастырылды. «Алай» базарына кабельді желі жүргізу, РПК – 2Т орнату, «Керамика» ШС бір жағы бойынша қайта жаңарту жұмыстары аяқталды. «Көктем - Западная» кабельді желісін салу бойынша жоба іске асырылуда және «Әуежай-Олимп» құрылысы аяқталды.

Жол – көлік инфрақұрылымын дамыту мақсатында 2017 жылы ұзындығы 44,9 км 66 жаңа көше салынды. «Жұмыспен қамту жол картасы-2020» бағдарламасы шегінде 50 көшеде орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Көлік кептілісін жою жөніндегі қысқа мерзімді шаралар шегінде 2017 жылы 9 оң жаққа бұрылумен 8 қиылыс жол салынды.

Шағын айналма жол салу шегінде көлік айырымдары мен көшелер құрылысы жалғасуда, бұл Тұран және Қабанбай батыр даңғылдарындағы көлік жүктемесін азайтуға мүмкіндік береді. Екі автомобиль жолдарын салу бойынша жұмыстар басталды, 17 көшені, оның ішінде әлеуметтік объектілер салынып жатқан аудандарда, салу жұмыстары жалғасуда.

Қала шетін дамыту шегінде Көктал-2, Интернациональный тұрғын үй алаптарында көшелер мен инженерлік желілер, Интернациональный және Мичурино тұрғын алаптарына су бұруға инженерлік желілер және кәріздер салу жалғасатын болады.

Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту бойынша шаралар қабылдануда. «Ильинка кентінің шығысына қарай жеке тұрғын үйлерге инженерлік желілер» жобасын іске асыру шегінде «Үркер» тұрғын алабы аумағында қолданыстағы кәріз желілерін түгендеу жүргізілді, кәріз – сору станциялары мен коллекторлар тазартылды. Келісімшарттық міндеттеме шегінде мердігер «ЦСК-НС» ЖШС 5 жаңа сорғыш орнатты. № 93 жобалық көшесі бойында автокөліктің кедергісіз жүруін қамтамасыз ету үшін жол – жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сыртқы жарықтандырудың тиісті жағдайын қалпына келтіру бойынша жұмыстар жүргізілуде. «Ильинка кентінің шығысына қарай жеке тұрғын үйлерге инженерлік желілер» жобасы бойынша 32 көше асфальттанды, 18 көше щебень тасымен жабылды. 9276,10 п.м. кәріз желісі және 7889,30 п.м. су бұру желісі салынды.

Қаланың коммуналдық меншігіне «Ильинка кентінің шығысына қарай жеке тұрғын үйлерге инженерлік желілер. 4-кезек» объектісін беру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Манас көшесінің шығысына және Есіл өзенінің



Депутаттар ЖЭО-3 құрылысы мерзімінің созылып кеткендігіне алаңдаулы. Жаңа тұрғын үй кешендерін салу және пайдалануға беру есебімен келесі жылыту маусымына энергетика күшінің қоры шектелуі мүмкін.

Жоғарыда айтылғанның негізінде, қалалық мәслихаттың құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. «Астана қаласында инфрақұрылым, абаттандыру, көгалдандыру жүйелерінің жай-күйі және оларды дамыту жөніндегі шаралар туралы» ақпарат назарға алынсын.

2. **Астана қаласының әкімдігіне және Астана қаласы әкімдігінің мүдделі құрылымдық бөлімшелеріне:**

- энергетика, жол – көлік және коммуникациялық инфрақұрылым, елорданы көгалдандыру объектілерін дамыту және жандандыру бойынша жұмыстарды жалғастыру;

- елордада автомобиль жолдары мен көшелерді салу, қайта жаңарту, жөндеу және ұстау жөніндегі жұмыстарды уақытында қаржыландыру, жол салу үшін жер учаскелерін алып қою кезінде сүруге жататын жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алуды қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау;

- әлеуметтік объектілер салу кезінде қала мектептеріне және өзге де әлеуметтік объектілерге кіреберіс жолдарын салу бойынша бағдарламалар әкімшілерінің жауапкершілік аймағын анықтау ұсынылсын.

3. «Астана қаласының Автомобиль жолдары басқармасы» ММ-не орамшілік, кіреберіс және автомобиль жолдарының, жаяу жүргін жолдарының жағдайын жақсарту бойынша қызметті белсендендіру, елорданың шеткі аумақтарындағы жолдарға басты назар аудару;

- Астана қаласының Ішкі істер департаментінің **Жергілікті полиция қызметімен** бірге Салтанат сарайы ауданында Қабанбай батыр даңғылында жолдан өту кезінде жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау ұсынылсын.

4. «Астана қаласының Энергетика басқармасы» ММ-не «Астанабасжоспар» ҒЗЖИ» ЖШС-де Астана қаласы мәслихаты депутаттарының және елорданың отын – энергетика кешені өкілдерінің қатысуымен жылумен жабдықтау саласының проблемаларын талқылау бойынша жиналыс өткізу ұсынылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Астана қаласы мәслихатының  
Құрылыс, экология, көлік,  
сауда және тұрғын үй – коммуналдық  
шаруашылық мәселелері жөніндегі  
тұрақты комиссиясының төрағасы**



**С. Жүнісов**

солтүстігіне қарай коттедж қалашығына желілер салу және жолдарды абаттандыру (1 және 2-кезек) бойынша жұмыстың 85 пайызы орындалды.

2017 жылы А,Б, Слободка жоспарланған ауданның жекелеген көшелері бойынша жол жүру қамтамасыз етілді. Қоянды кентінде (оң жағы) 10 кВ электрмен жабдықтаудың 297 темір бетон тірегін, 0,4 кВ электрмен жабдықтаудың 413 тірегі орнатылды. Жаңа зиратқа жарық берумен кіреберіс жолдарының негізі орнатылды. «Алматы», «Сарыарқа», «Есіл» аудандарын сыртқы жарықтандыру желілерін салу, 2 – кезек» жобалары бойынша конкурс жарияланды.

Коммуналдық шаруашылықты дамыту шегінде Ботаникалық бақ, Теннис орталығы, Қазақстан Республикасының Ұлттық Пантеоны, жаңа зират салу бойынша жұмыстар орындалды.

Көпжылдық гүлдерді қолданумен қаланы декоративті жасылдандыру бойынша шаралар қатары жүргізілді, оларды егу үшін алаңы 158 559 шаршы метр орын анықталынды. 3 жылға мемлекеттік сатып алулар үрдісін жүргізу үшін бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің техникалық ерекшеліктері әзірленіп, жолданды. «Елорданың 20 жылдығын мерекелеуге орай 2018 жылға арналған Астана қаласы үшін 1 миллион ағаш» акциясын жүргізу бойынша көгалдандыру жоспары» әзірленіп, жолданды.

Сонымен бірге, мәслихаттың тұрақты комиссиясы Астана қаласында инфрақұрылым, абаттандыру, көгалдандыру жүйесін дамыту мәселелерінде нақты проблемалар бар екендігін анықтады.

Сүрілмеген объектілерге және қаржылық қаражаттың жеткіліксіздігі проблемаларынан Абай көшесінен С.Сейфуллин көшесіне дейінгі учаскеде Күмісбеков көшесін салу бойынша жұмысты жүргізу мүмкін емес.

Мыңжылдық жоспарланған ауданның жеке учаскелерінде жол жолағын салу орындалмай отыр, себебі, «ЛРТ салу бойынша дирекция» ЖШС жеңіл рельсті көлік жүйесін салу бойынша жұмыстарды жүргізіп жатқандығына байланысты.

№ 85 көшеде жол салу бойынша шаралар қабылданған жоқ. Инертті материалдарын жол жабынына шашу бойынша атқарылған жұмыстар нәтижесін бермеуде. Абай даңғылынан А. Пушкин көшесіне дейін А.Жұбанов көшесін қайта жаңарту қажет.

Кейбір тұрғын үй кешендеріне және қоғамдық көлік аялдамаларына жолдардың болмау проблемасы назар аударуды қажет етеді. Досмұхамедұлы көшесі бойындағы «Социум» ТК тұрғындары жолдар мен жаяу жүргін жолдарының құрылысына мұқтаж. Жолдардың, жаяу жүргін жолдарының және автобус аялдамаларының болмауы Күйші Дина көшесінің, қаланың шеткі тұрғын үй алаптарының тұрғындарының наразылықтарын тудыруда.

Қаланың мектептеріне және өзге де әлеуметтік объектілеріне кіреберіс жолдарын салу мәселесі шешуді қажет етеді.

Жаяу жүргіншілердің, әсіресе балалар мен мектеп оқушыларының денсаулығы және өмірі үшін Салтанат Сарайы ауданындағы Қабанбай батыр даңғылындағы жаяу жүргін жолы қауіпті болып табылады.